
Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

1. Білім мазмұны түсінігі және оның мәні
2. Білім мазмұнын қалыптастыруға байланысты негізгі теориялар

Қорытынды


Пайдаланылған әдебиеттер

Білім беру мазмұны

Білім беру мазмұны — жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады. Білім беру — бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудық үздіксіз процесі.



Білім мазмұнының түрлері:



**күнделікті болмыс туралы негізгі ұғымдар, терминдер және ғылыми білімдер;*

** болмыстың әртүрлі объектілері және құбылыстары арасындағы байланыстарды көрсететін ғылымның негізгі заңдары;*

** белгілі бір объектілер, олардың арасындағы байланыс туралы ғылыми білімдер;*

** ғылыми іс-әрекет тәсілдері, таным әрекеті және ғылыми білімді алу тарихы туралы білімдер;*

** әртүрлі өмір құбылыстарын бағалау нормалары туралы білімдер.*

